

6D010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» тақырыбындағы Ансабаева Айнур Дуйсеновнаның диссертациялық жұмысына

АНДАТПА

1. Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеуде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі негізінде бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің теориялық негіздері айқындалып, «мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі», «тәрбие», «бауырмалдық» ұғымдарының мәні нақтыланып, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің мазмұндық-құрылымдық моделі құрастырылды және бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің әдістемесі әзірленіп, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері сарапталып, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

Зерттеудің көкейтестілігі. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында рухани, әлеуметтік, мәдени жаңаруға негізделген дамуға бағытталған тұста тұлғаны тәрбиелеуде мектеп пен отбасының әрекеттестігі қоғамдық мәні зор проблемалардың бірі болып табылады. Сондықтан да елдің рухани жаңару саласындағы үлкен өзгерістер мен өркениеттік алғышарттар ғылым саласы үшін және отбасындағы тәрбиенің маңызды әлеуеті артып келеді. Мұның бәрі де мемлекетімізде потенциалды ұрпақ тәрбиелеудің жемісі болып табылады. Ондай тұлғаларды тәрбиелеуде сөйлеу мәдениеті, жүріс-тұрысы, сыртқы сипаты мен мінез-құлқы, инабатты болуымен сипатталады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында: «Біз әр шешімді мұқият саралап, әр істі байыппен жасауға тиіспіз. Отаншылдық рухы жоғары ел көздеген мақсатына жетеді. Біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды құру. Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі», - деп келтіреді. Демек, мемлекеттің негізін құрайтын әрбір отбасы аталған Жолдаудың мәнін бағалап, ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлу керектігіне ерекше тоқталған.

«ҚР Білім беру заңында» ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер «баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымын таңдауға, ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға, білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға, өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелері жөнінде психологиялық-педагогикалық консультациялық көмек алуға құқығы бар», «балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге, балаларды оқыту мен

тәрбиелеуде білім беру ұйымдарына жәрдем көрсетуге, балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндетті», - делінген.

«ҚР мектепке дейінгі, орта, кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарына бағытталған тұжырымдамада «Жас ұрпақты тәрбиелеу ата-ана, педагог және әлеуметтік қоғамның басты мақсаты болып саналады. Мемлекеттің басты міндеті – жас ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілігін, ата-баба дәстүрі мен әдет-ғұрпын құрметтеуге тәрбиелеу отбасынан басталып, адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда отбасы мен білім беру мекемелерінің әлеуметтік қоғамдағы серіктестігіне айналады», - деп көрсетілген. Бұл өз кезегінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің маңыздылығын аша түседі. Сонымен бірге, «Мектеп – бала – ата-ана» үштігі қағидасы негізінде мектеп пен отбасының арасындағы тығыз қарым-қатынасқа және адамзаттық құндылықтарға негізделген бастауыш сынып оқушыларына тәрбиелеу мен оқыту жүйесін үйлесімді қалыптастыруда мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің нақты қадамдарын айқын көрсетті.

Бүгінгі күннің әлеуметтік-мәдени жаңғыру жағдайына байланысты, ондағы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеуде мектеп пен отбасының әрекеттестігі туралы зерттеудің психологиялық, философиялық, педагогикалық, әлеуметтік маңызы зор болып табылады.

Зерттеу жұмысымыздың нысанасына сәйкес, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің психологиялық және әлеуметтік негізі туралы Л.С. Выготский, И.С. Кон, әлеуметтік педагогикалық бағытта Н.И. Болдырев, Р.Г. Гурова, Р.М. Капралова, А.А. Калюжный, Л.В. Мардахаев, В.П. Созонов, В.С. Кукушкин, М.П. Кабакова, т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері мен ой-тұжырымдарында көрініс табады.

Сонымен қатар, мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі туралы осы проблеманы әртүрлі аспектіде зерттеген *шетелдік ғалымдар*, соның ішінде фин ғалымдары Tiina Pepita, Onatsu-Arviolommi, қытай ғалымдары Zhonglu Li, Zeqi Qiu, швед ғалымдары Joacim Ramberg, Sara Brodin Laftman, Emma Fransson, Bitte Modin, т.б. еңбектерінде жан-жақты мағлұмат беріледі.

Қазақ этнопедагогикасы мен этнопсихологиясында отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігіндегі тұлға тәрбиесі проблемасы С. Қалиев, Қ. Жарықбаев, Қ.Б. Сейталиев, Ж.Ж. Наурызбаев, С.А. Ұзақбаева, К.Ж. Қожахметова, Қ. Бөлеев, К. Оразбекова, Р.Қ. Дүйсенбінова, С. Ғаббасов, Қ.Т. Атемова, т.б. зерттеу жұмыстарының нысанасы болды.

Бұл саладағы ғылыми зерттеулерге талдау барысында көптеген құнды идеялардың маңызына тоқталамыз. Бұл мәселені Г.К. Байдельдинова, Ш.М. Майғаранова, А.А. Жумадуллаева, Б.Қ. Өтешова, С.С. Қоңырбаева, А.А. Шарафадин, Ш.М. Шүйіншина, А.Т. Туралбаева, т.б. ғалымдар өз еңбектерінде әр бағытта қарастырып, талдаған.

Отбасы тәрбиесі мен мектептің өзара байланысы арқылы оқушыларға *халық тағылымында* тәрбие беру мәселесін Л. Сырымбетова, А. Дайрабаева, А.А. Капенова, Ә. Сәдуақасов, Р. Айтжанова, Л. Ибраймова, Г.С. Майлыбаева және т.б. қарастырды.

Зерттеулердің барлық құндылығына қарамастан, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеуде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі мәселесі толық қарастырылмаған.

Қазіргі жағдайда отбасылық тәрбие дағдарысы мектеп үшін балалармен педагогикалық жұмыстың күрделенуіне ғана емес, ата-аналармен жұмыстың күрделенуіне де әсер етеді. Экономикалық реформалар нәтижесінде отбасы қалыпты емес педагогикалық-тәрбие жағдайына тап болды. Көптеген ата-аналардың баланы тәрбиелеу мен жеке дамыту мәселелерін шешуден өзін-өзі алшақтату үрдісі күшейе түсті. Баланың жас және жеке даму ерекшеліктері туралы жеткілікті дәрежеде білімі жоқ ата-аналар кейде соқыр, интуитивті тәрбиені жүзеге асырады, бұл оң нәтиже бермейді. Мұндай отбасыларда ата-аналар мен балалар арасында берік тұлғааралық байланыстар жоқ, соның салдарынан сыртқы, көбінесе теріс орта беделге ие болады, бұл баланың отбасының әсерінен шығуына әкеп соғады. Сонымен қатар, қазіргі таңда көптеген отбасылар экономикалық ахуалдар шешумен, күнгөріс мәселелерімен айналысып, кейде баланың тұлғалық қалыптасуы мен тәрбиелік сұрақтарды шешуден бас тартады.

Осындай мектеп пен отбасының құрылымды емес қатынастары, олардың іс-әрекеттерінің бағыты балалық шақтың қазіргі проблемаларын шиеленістіреді және екі институттың бірлескен өзара іс-әрекетіне жаңа қадамдарды талап етеді. Мектеп пен отбасының өзара бірлескен іс-әрекетін ұйымдастырудың қазіргі тәсілдері отбасының субъектілігін дамытуға, оның әлеуетін ашуға әлсіз бағытталған, бұл ретте білім беруді жаңғырту жөніндегі тұлғаны әлеуметтенумен қарым-қатынасының жаңа жүйесін қалыптастыру негізгі міндеттердің бірі ретінде қарастырылады. Мұның бәрі де баланың отбасындағы тәрбиесін барынша мектептегі тәрбиемен үйлесімді жүргізуімен сипатталады. Сондықтан да мектептің педагогикалық ұжымының алдында отбасындағы тәрбиенің мәнін бағалап, ата-аналармен бірлесіп жұмыс жасау қажеттілігі туындайды.

Отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігінің негізгі проблемаларының бірі – олардың отбасындағы ізгілік қатынастары мен мектептің тәрбиелік жүйесінің сәйкес келмеуі және практикалық іс-қимылдарға байланысты механизмдердің жеткілікті түрде қолданылмауы. Аталған практикалық іс-әрекеттерге араласу үрдісінде отбасы мен мектептің бала тәрбиесіндегі орны айқындалады. Осылардың бәрі мынадай *қайшылықтардың* бар екендігін көрсетті:

- бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігіне қоғамның объективті сұранысы мен бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігіне педагогтардың даярлығының жеткіліксіздігі арасында;
- бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі іс жүзінде ескерілмей келе жатқаны;
- бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі туралы ғылыми-теориялық және педагогикалық-практикалық материалдардың зерттелмеуі.

Аталған қайшылықтарды шешу мақсатында біз зерттеу жұмысымыздың тақырыбын «**Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі**» деп таңдадық.

Зерттеу нысаны – орта мектептегі бастауыш сыныптың оқу-тәрбие үрдісі.

Зерттеу пәні – бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі.

Зерттеудің мақсаты – бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуді теориялық негіздеп, әдістемесін әзірлеу және эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеудің ғылыми болжамы: *егер*, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің теориялық негіздері айқындалса, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде құрылымдық-мазмұндық моделі құрылып, әдістемесі әзірленсе, *онда* отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігі нәтижелі болып, қоғамдағы тәрбие үрдісіндегі кедергілердің азаюына септігін тигізеді, *өйткені* бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісі қоғам талаптарына сәйкестендіріледі.

Зерттеудің міндеттері:

- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігін теориялық тұрғыда негіздеу, ғылыми генезисін зерделеу;

- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу;

- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің педагогикалық шарттарын негіздеу;

- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің әдістемесін дайындау және оның тиімділігін эксперимент арқылы тексеріп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеудің жетекші идеясы: Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің нәтижесінде тәрбиелі бала қалыптастыру оқу-тәрбие үрдісінің деңгейі тиімділігінің негізі ретінде қарастырылады.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері. Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық проблемалары төмендегі ғылыми-теориялар мен тұжырымдамаларда ұсынылады:

Философиялық деңгейде: Жүйелілік тәсіл теориясы (В.Г.Афанасьев, Т.А. Ильина, В.Д. Шадриков, Э.Г. Юдин, Р.Акофф, т.б.);

Қазіргі кезде тұлғаны тәрбиелеудің гуманистік теориясы (А.Г. Асмолов, Р.Берне, М.Н. Берулава, В. Франки, т.б.);

Аксиологиялық көзқарас пен құндылық бағдар теориясы (В.М. Геницианский, В. Степин, Н.С. Розов, т.б.);

Жалпы ғылыми деңгейде: Әлеуметтік көзқарас теориясы (Д. Майерс, Г. Олпорт, М. Рокич, т.б.);

Педагогикалық қызмет теориясы (В.В. Краевский, В.А. Сластенин, т.б.);

- **Теориялық:** зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау; жалпы білім беретін мектептердің озат тәжірибелерін жинақтау, салыстыру, ғылыми мәліметтерді талдау және қорыту;

- **Эмпирикалық:** жалпы білім беретін мектептердің құжаттарын қарау және талдау; педагогикалық бақылау жасау; сауалнама жүргізу, сұрау, тестілеу, әңгіме, диагностикалық бақылау жүргізу; эксперименттік мәліметтерді жүйелеу және түсіндіру; зерттеу нәтижелерін талдау әдістері.

Зерттеуді ұйымдастыру және оның негізгі кезеңдері.

Бірінші кезеңде (2018-2019 жж.) ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы таңдалып, нақтыланды. Зерттеу жұмысының пәнін айқындауға байланысты бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі туралы әдебиеттер жинақталды. Бұл кезеңде зерттеу мәселесіне қатысты материалдар талданып, жүйеленіп, зерделенді. Зерттеу жұмысының негізгі қағидаларының теориялық негізі айқындалып, жинақталған материалдар аясында педагогикалық тәжірибе жұмысының жоспары, оны жүзеге асыру әдістері белгіленді.

Екінші кезеңде (2019-2020 жж.) бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі туралы жинақталған теориялық, практикалық және деректік материалдарға жүйелі ғылыми талдау жасалып, сұрыпталды, зерттеу жұмысына арналған жоспар құрылып, нақтыланды. Ғылыми-зерттеу жұмыстары жалғастырылып, педагогикалық-зерттеу жұмысының мақсаты, міндеттері, өткізу әдістері тексеріліп, жүзеге асыру реттілігі белгіленді. Зерттеу базасы болып табылатын Талдықорған қаласының мектептерінің бастауыш сынып оқушылары мен ата-аналарына арналған сауалнамалар, тест сұрақтары, бақылау тапсырмалары, т.б. әзірленіп, эксперимент жүргізілді.

Үшінші кезеңде (2020-2023 жж.) диссертацияға жинақталған материалдар мен эксперимент барысында қорытындылар жасалды. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігіне арналған педагогикалық тәжірибелер сараланып, жүйеге келтірілді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бойынша алынған нәтижелер талданып, қорытынды жасалды. Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері математикалық-статистикалық тұрғыдан өңделіп, эксперимент жұмыстары нақтыланды.

Зерттеу базасы: Талдықорған қаласындағы №12 орта мектеп-гимназиясы, №4 орта мектебі, №17 орта мектебі және №21 орта мектеп оқушылары мен ата-аналары қатысты. Жалпы эксперимент жұмысына 205 оқушы, 125 ата-ана қамтылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі теориялық тұрғыда негізделді, ғылыми генезисі зерделенді;

- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді;

- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің педагогикалық шарттары негізделді.

- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің әдістемесі дайындалды және оның тиімділігі эксперимент арқылы тексеріліп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы:

- «Өнегелі ұрпақ» клубы және «Ұлағат» атты арнайы курс әзірленді, «Мектеп» сайтында «Ата-аналар мектебі» қосымшасы құрылды (<https://luchshiesaity.wixsite.com/my-site-5>) және тәжірибе жүзінде оның тиімділігі тексерілді.

- «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ғылыми кеңесі ұсынған *оқу құралы* дайындалып (29.03.2022 ж. №8 хаттама), ISBN: 978-601-216-809-9, тәжірибеге ендіріліп, *ендіру актісі* (28.12.2023 ж.) және авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы *авторлық куәлік алынды* (04.05.2022, № 25786);

- «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында *электронды оқу құралы* дайындалып, тәжірибеге ендіріліп, *ендіру актісі* (28.12.2023 ж.) және авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы *авторлық куәлік алынды* (04.05.2022, № 25859);

- 2023-2024 оқу жылының «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттердің оқу бағдарламасына қазақ және орыс тілдерінде «Бастауыш сынып мұғалімінің ата-анамен жұмысы» *пәні енгізілді*.

- 2023-2024 оқу жылында «Бастауыш сынып мұғалімінің ата-анамен жұмысы» пәні бойынша қазақ және орыс тілдерінде *жаппай ашық онлайн курс әзірленіп*, авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы *авторлық куәлік алынды* (26.01.2024, №42385). І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің сайтына жүктелді және тәжірибеге ендірілуде (<http://mook.zhetysu.edu.kz/enrol/index.php?id=99>).

- Зерттеу нәтижелерін бастауыш, орта және жоғары білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі педагогикалық жүйе элементтері арасында байланыс орнату: ақпараттық (ақпарат алмасу), ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік (бірлескен іс-әрекет әдістері), коммуникативті байланыс (қарым-қатынас), басқару және өзін-өзі басқару байланысына негізделеді.

- мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі - оқушының отбасы мен мектептің қатынастарын, іс-әрекетін, мінез-құлқын ізгілік бағытта байланыстыратын тәрбие құрылымы болып нақтыланады.

- бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің мазмұны мазмұндық-құрылымдық моделі негізінде түсініліп, танылады. Өлшемдері (бастауыш сынып оқушыларының «бауырмалдық», «қайырымдылық», «ізгілік», т.б. ұғымдарын игеруі, отбасы мен мектепте алған өнегесінің қажеттілігін түсінуі, отбасында және қоғамдық ортада қайырымдылық іс жасауға тәрбиеленуі) мен көрсеткіштерінің жиынтығын құрайды және деңгейлеріне (төменгі, орта, жоғары) сәйкес жүзеге асырылады.

- бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі әдістемесінің тиімділігі («Өнегелі ұрпақ» клубы және «Ұлағат» атты арнайы курс бағдарламасы, «Ата-аналар мектебі» атты сайтқа қосымша) және тәжірибелік-эксперимент нәтижелері, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу:

Зерттеу нәтижелері білім беру мекемелерінің педагогикалық ұжымдары арасында баяндалып, тәжірибе жұмысының нәтижелері оқу-тәрбие үрдісіне енгізілді.

Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша 19 ғылыми-әдістемелік жұмыс жарық көрді. Оның ішінде 1 мақала халықаралық рецензияланатын (WoS, Scopus) ғылыми журнал басылымында, 3 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын басылымдарда, 6 мақала шетелдегі халықаралық конференциялар басылымында, 7 мақала отандық халықаралық, республикалық және аймақтық конференциялар материалдарының жинақтарында жарияланды және 1 оқу құралы, 1 электронды оқулық жарық көрді, сонымен бірге 1 жаппай ашық онлайн курс әзірленді, 3 авторлық куәлік иеленді.

Диссертацияның құрылымы.

Диссертация жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің ғылыми аппараты, тақырыптың көкейтестілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, пәні, нысаны, ғылыми болжамы мен міндеттері, жетекші идеясы, әдіснамалық негіздері, зерттеу әдістері мен кезеңдері, зерттеу базасы, зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы, практикалық маңыздылығы, зерттеу жұмысының дәлелділігі мен негізділігі, қорғауға ұсынылатын қағидалары, зерттеу нәтижелерінің апробациялануы және енгізілуі баяндалады.

«Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің теориялық негіздері» атты бірінші тарауда зерттеу жұмысы бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми еңбектерге теориялық талдау жасалып, қазіргі кезде бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігіне арналған ғылыми еңбектердің педагогикалық тұрғыда мүмкіндіктері мазмұндалды. Еліміздің бастауыш білім беру жүйесінде оқушыларды тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара

әрекеттестігінің қазіргі жағдайы талданып, теориялық моделі дайындалып, оның өлшемдері белгіленді.

«Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігін жүзеге асыру жолдары» атты екінші тарауда бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі эксперимент жүзінде тексеруден өткізілді. Тәжірибелік эксперимент барысында оның нәтижелеріне талдау жасалды. Сонымен қатар, эксперимент нәтижелері сапалық және сандық әдістермен қорытындыланды. Педагогикалық эксперимент жұмыстарының нәтижелері математикалық тұрғыдан өңделіп, ұсыныстар әзірленді.

Қорытынды бөлімде жалпы ғылыми тұжырымдар жасалынды, білім беру мекемелерінің оқу-тәрбие үрдісінде бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігін ғылыми айналымға енгізу туралы ұсыныстар жасалды. Сонымен қатар, зерттеудің болашақта қарастырылатын бағыттары нақтыланды.

Қосымшада авторлық күәліктер мен ендіру актілері берілген.